

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2026 жылғы 14 қаңтардағы № ДС-6 депутаттық сауалға

Құрметті депутаттар!

Сәбіз экспортына тыйым салуға қатысты депутаттық сауалды қарастырып, мынаны хабарлаймын.

Үкімет ішкі нарықты азық-түлікпен қамтамасыз ету және баға тұрақтылығын сақтау мақсатында ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін жан-жақты қолдау бойынша жүйелі негізде жұмыс жүргізуде.

Қазіргі уақытта фермерлерге мемлекеттік қолдау шараларының кең спектрі ұсынылады, соның ішінде минералды тыңайтқыштарды, тұқымдарды, пестицидтерді және ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуды субсидиялау, жеңілдікті отынмен және қолжетімді қаржыландырумен қамтамасыз ету, суармалы су беру және суару жүйелерін дамыту шығындарын өтеу бар.

Аталған мемлекеттік қолдау шаралары, ең алдымен, ішкі нарықты толықтыруға, отандық өндірушілердің экспорттық әлеуетін кеңейтуге және саланы кешенді дамытуға бағытталған.

2025 жылдың қорытындысы бойынша көкөніс өнімдерінің жалпы жиыны 3,8 млн тоннаны, соның ішінде сәбіз 411,9 мың тоннаны құрады. Бұл көлем ішкі нарықты толық қамтамасыз етуге және өнімнің бір бөлігін экспортқа шығаруға жеткілікті болып табылады.

Маусымаралық кезеңде бағаны тұрақтандыру мақсатында еліміздің барлық өңірлерінде көкөніс өнімдерін келісімшартқа отыру жұмыстары толық көлемде аяқталды.

Ағымдағы жылдың қаңтар айындағы жағдай бойынша республикада, соның ішінде ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің, тұрақтандыру қорлары мен сауда ұйымдарының қорларын қоса алғанда, 170,3 мың тонна көлемінде сәбіз резерві қалыптастырылды, бұл ішкі нарықтың қажеттілігін 2026 жылғы ерте өнім жиналғанға дейін қамтамасыз етеді.

Ішкі нарықтың жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілуіне байланысты сәбіз экспортына шектеулер енгізбеу туралы шешім қабылданды. Қазіргі уақытта өндірушілер өнімді сыртқы нарықтарға кедергісіз өткізу мүмкіндігіне ие.

Сонымен қатар, халық үшін өнімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында Үкімет жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп баға белгілеуді реттеу бойынша кешенді шараларды іске асыруда.

Мәселен, бағаның өсуін тежеу және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының, соның ішінде сәбіздің баға белгілеу тізбегіндегі тиімсіз делдалдарды жою үшін делдалдық схемаларды тергеу жөніндегі өңірлік комиссиялар осындай қатысушыларды анықтау және жою бойынша жұмысты жалғастыруда.

Сауда саласындағы уәкілетті орган әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына 15 %-дан аспайтын шекті сауда үстемесінің сақталуына мемлекеттік бақылау жүргізеді, сауда заңнамасының бұзылуына жол бермеу мақсатында электрондық шот-фактураларға талдау жасалады.

Халық үшін азық-түлік тауарларының қолжетімділігін арттыру және сонымен бірге отандық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қолдау мақсатында тұрақты негізде ауыл шаруашылығы жәрмеңкелері өткізіліп тұрады.

2025 жылғы қазан айынан бастап әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары нарығының көтерме және бөлшек сауда қатысушыларының рөліне нақты анықтамалар енгізілді, соның ішінде баға белгілеу тізбегінде қосылған құн жасамайтын көтерме делдалдардың қатысуына тыйым салынды.

Тұтастай алғанда, ішкі нарықты отандық өніммен қамтамасыз ету және бағаны тұрақтандыру мәселелері Үкіметтің тұрақты бақылауында. Іске асырылып жатқан шаралар ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қолдау мен халық үшін азық-түлік тауарларының қолжетімділігін қамтамасыз ету арасындағы теңгерімді сақтауға бағытталған.

С. Жұманғарин